

№ исх: 05-4-03/18 от:

17.01.2020

№ вх: 223/ДЗ-181 от:

17.01.2020

**КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО
РЫНКА»**

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2020ж. 17.01 № 05-4-03/18

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Е.Х. Барлыбаевқа
А.Т. Перуашевқа
Е.С. Никитинскаяға
К.Г. Абсатировке
Б.С. Дүйсембиновке
Д.М. Еспаеваға
М.А. Қазбековаға**

*2019 жылғы 14 қарашадағы № ДЗ-181
депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – Агенттік) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және қаржы нарығын дамытуға жәрдемдесу, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі функциялары берілді.

Берілетін функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес Агенттік Ұлттық Банк құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болып

айқындалғандықтан, Агенттік Сіздердің сауалдарыңызды өз құзыретінің шегінде қарап, төмендегіні хабарлайды.

«Ұлттық қор мен БЖЗҚ-ны қоса алғанда, түрлі қаржы көздерінен 2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде банк секторына қолдау көрсетуге қанша ақша бөлінді?» деген бірінші сұрақ бойынша

1. 2008 – 2016 жылдар аралығындағы кезең. 2007-2008 жылдардағы жаһандық дағдарыстың Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға жағымсыз салдарларын жеңілдету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары бекітілді (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысы*), операторы болып «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ) айқындалды.

4 екінші деңгейдегі банктің (бұдан әрі - ЕДБ) акцияларын мемлекеттің сатып алуына **476,1 млрд теңге** бөлінді, оның **415 млрд теңгесі** қайтарылды. Бөлінген қаражат пен қайтарылған соманың арасындағы айырма «БТА Банк» АҚ-тың активтері мен міндеттемелерін екі рет қайта құрылымдаудың нәтижесінде пайда болды.

2012 - 2015 жылдар аралығындағы кезеңде 3 ЕДБ-ге 613,2 млрд теңге мөлшерінде қарыз қаражаты бөлінді, оның 143,2 млрд теңгесі қайтарылды, 220 млрд теңгесі 2024 жылы қайтарылады. Қалған 250 млрд теңге өтімділікке қолдау көрсету және 4 трлн теңгеден асатын көлемдегі квазимемлекеттік сектор салымдарын қоса алғанда, салымшылардың қаражатын сақтау мақсатында «Казкоммерцбанк» АҚ-ты қалыпқа келтіру шеңберінде бөлінді.

«Казкоммерцбанк» АҚ қалыпқа келтірілді және акционерлері оны «Қазақстан Халық банкі» АҚ-қа қосу туралы шешім қабылдады, жағдай тұрақтанды және бөлінген қаражат кестеге сәйкес 2037 жылы өтеледі деп күтіледі.

2. 2017 жылдан басталатын кезең.

2.1 «Казкоммерцбанк» АҚ-ты (жүйе құраушы банк) қалыпқа келтіру.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банк, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ, «БТА Банк» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ және оның акционерлері арасындағы «Казкоммерцбанк» АҚ-ты кейіннен «Қазақстан Халық банкі» АҚ арқылы стратегиялық инвестордың иеленуімен оны қалыпқа келтіру тетігі туралы негіздемелік келісім мақұлданды.

Келісім шеңберінде «Казкоммерцбанк» АҚ-ты қалыпқа келтіру үшін **2 640 млрд теңге** бөлінді. Қаражат Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың «Казкоммерцбанк» АҚ-та

орналастырылған **2 640 млрд теңге** сомасындағы «БТА Банк» АҚ-тың активтері мен талап ету құқықтарын сатып алуына бағытталды.

Бөлінген мемлекеттік қаражатты қайтару Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың берешекті өндіріп алу және «БТА Банк» АҚ-тан алынған мүлікті сату бойынша жұмысының нәтижелеріне байланысты болады.

Жүйе құраушы «Казкоммерцбанк» АҚ-ты қалыпқа келтіру және оны «Қазақстан Халық банкі» АҚ-қа қосу салымшылардың және басқа кредиторлардың 4 трлн теңгеден астам қаражатын сақтауға, жүйелік дағдарыстың туындауына жол бермеуге, экономиканы кредиттеуге қолдау көрсетуге және тұтастай алғанда банк жүйесіне сенімді арттыруға мүмкіндік берді.

2.2 Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)

Бағдарлама (*Ұлттық Банк Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысымен бекітілген*) шеңберінде 2017 жылы елдің бес ірі ЕДБ-ге көмек көрсетілді, олардың үлесіне бүкіл банк жүйесінің несие портфелінің 30%-дан астамы және халықтың және квазимемлекеттік сектордың барлық депозиттерінің 25%-ы тиесілі. Қолдаудың жалпы көлемі **653,7 млрд теңгені** құрады. Ақша қаражаты **төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен** ЕДБ-нің реттелген облигацияларын иелену жолымен берілген.

ЕДБ-нің акционерлері, өз тарапынан, ортақ негізде шығындар мөлшерінен кемінде 33% мөлшерінде ЕДБ-ні үстеме капиталдандыру және 1,2 трлн теңгеден асатын сомада активтердің сапасын жақсарту (қарыз алушыларды сауықтыру, қосымша кепілдерді қабылдау, берешекті өндіріп алу) шараларын қамтамасыз етуге тиіс.

Жалпы алғанда, 01.10.2019ж. жағдай бойынша 5 ЕДБ-нің Бағдарламаға кіру сәтінен бастап басып озу қарқынымен Іс-шаралар жоспарына енгізілген қарыз алушылар бойынша 752 млрд теңгеге жуық жалпы сомаға қосымша резервтер (провизиялар) қалыптастырылды, бұл мәлімделген зияндардың 62%-ын құрайды.

Бұл ретте, **2 ЕДБ Бағдарламадан мерзімінен бұрын шықты** (тиісінше 2018 және 2019 жылы), олардың акционерлері үстеме капиталдандыру бойынша өз міндеттемелерін орындады.

Ұлттық Банктің болжамы бойынша ЕДБ-нің жұмыс істемейтін активтерінің төмендеуімен бірге меншікті капиталының ұлғаюы ЕДБ-нің экономиканың нақты секторын кредиттеуіне қолдау көрсетеді. Экономикаға жаңа қарыздар есебінен несие портфелі 300 млрд теңгеден кем емес мөлшерде жыл сайынғы өседі деп күтілді.

Бағдарламаға қатысушы көрсетілген 5 ЕДБ-нің 2018 жылы және 2019 жылғы 3-тоқсандағы кезеңде берген жаңа қарызының көлемі 2 460 млрд теңгені (өтелген және қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған қарыздарды есептемегенде жаңа қарыздардың брутто көлемі) құрады.

Көрсетілген сомадан заңды тұлғаларға шамамен 1 227 млрд теңге, оның ішінде сауда саласына – 298 млрд теңге, өнеркәсіпке – 209 млрд теңге, құрылысқа – 157 млрд теңге, жеке тұлғаларға – 1 233 млрд теңге берілді.

Болашақта Бағдарламаға қатысушы ЕДБ өздерінің бизнес стратегияларында ШОБ және бөлшек бизнес субъектілеріне, сондай-ақ ірі және корпоративтік бизнес клиенттеріне, оның ішінде мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламаларына қатысу есебінен қарыз беру жолымен несие портфелі орташа алғанда жылына 8%-дан 11%-ға дейін өсетінін көздеген.

Тұтастай алғанда, банк жүйесі бойынша ЕДБ-нің нақты несие портфелі төмендеген 2016-2017 жылдардағы деректермен салыстырғанда 2018 жылдың басынан бергі кезеңде несие портфелінің айтарлықтай өскені байқалады. Мәселен, оның көрсетілген кезеңде жүйе бойынша ұлғаюы шамамен 2 трлн теңге немесе 14,6% (*«Цеснабанк» АҚ-тың ауыл шаруашылығы кредиттерінің 1 054 млрд теңге сомасындағы сатып алынған портфелін есептемегенде*) болды.

Жұмыс істемейтін активтер бойынша іс-шараларға қатысты ЕДБ-нің Бағдарламаға кіру сәтінен бастап ЕДБ-нің баланстары шамамен 838 млрд теңге жалпы сомаға немесе 5 ЕДБ-нің несие портфелінен 18%-ға тазартылды (проблемалық қарыздар есептен шығарылды), ЕДБ менеджменті активтердің сапасын жақсарту және проблемалық қарыз алушылардың шамамен 1 292 млрд теңге жалпы сомаға немесе 5 ЕДБ-нің несие портфелінен 27%-ға берешегін қайтару бойынша дербес іс-шаралар жүзеге асырды (*оның ішінде, 742 млрд теңгеге қарыз алушылардың берешектерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру жүргізілді, қосымша сенімді кепілдер қабылдау – 263 млрд теңге, қарыздарды өтеу – 148 млрд теңге, қарыздарды сату – 7,7 млрд теңге және т.б.*)

2.3 Агроөнеркәсіп кешенін қалыпқа келтіру

Үкімет пен Ұлттық Банктің қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ банктің агроөнеркәсіп секторы-қарыз алушыларының кәсіпорындарын қалыпқа келтіру, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ арқылы отандық ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қолдау көрсету, сондай-ақ «Агробизнес-2020» бағдарламасының негізгі қатысушысы ретінде «Цеснабанк» АҚ қаржылық орнықтылығын күшейту мақсатында «Цеснабанк» АҚ-тан жалпы сомасы **1 054 млрд теңгеге** агроөнеркәсіп кешенінің кредиттік портфелін сатып алды.

Қаражаттың қайтарылуы ауыл шаруашылығы активтерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ арқылы сату есебінен қамтамасыз етілетін болады.

«Екінші деңгейдегі банктер заңды тұлғаларға, сондай-ақ шағын және орта бизнеске сол кезең үшін, оларға есептелген пайыздарды, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке алмай, қандай таза сомаға кредиттер берді?» деген екінші сұрақ бойынша

Экономикаға кредиттер 2008 – 2018 жылдар аралығындағы кезеңде 7,5 трлн теңгеден 13,1 трлн теңгеге дейін 75,5%-ға өсті. 2018 жылдың қорытындысы бойынша заңды тұлғаларға және ШОБ-қа кредиттер үлесі 59,5%, жеке тұлғаларға кредиттер үлесі 40,5% болды.

01.12.2019 жылғы жағдай бойынша экономикаға кредиттер 01.01.2019 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға немесе 576,1 млрд теңгеге ұлғайып, 13,7 трлн теңге болды. Бұл ретте 2019 жылғы бірінші тоқсанда агроөнеркәсіптік кешенінің жұмыс істемейтін қарыздары сатып алынды, бұл кредиттік портфельдің көлемін азайтты. Одан әрі 2019 жылғы сәуір-қараша аралығында кредиттеу 9,6%-ға немесе 1,2 трлн теңгеге өсті. Осы серпіннің құрылымында жеке тұлғаларға кредиттер 5,4 трлн теңгеден 6,5 трлн теңгеге 20,6%-ға немесе 1,1 трлн теңгеге ұлғайды, заңды тұлғаларға кредиттер 7,0 млрд теңгеден 7,1 млрд теңгеге дейін 1,1%-ға немесе 77,4 млрд теңгеге ұлғайды.

«ЕДБ осы жылдары ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын қандай сомаға сатып алды?» деген үшінші сұрақ және «Банктер алған мемлекеттік қолдаудың жалпы сомасында осы баптар (бизнесі кредиттеу және Ұлттық Банктің ноттарын сатып алу) қандай үлесін құрады?» деген төртінші сұрақ бойынша

2016 жылдан бастап Қазақстанның қаржы жүйесінде салымдарды шетел валютасынан теңгеге айырбастау процесімен, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шығыстарымен негізделген теңгедегі қаражаттың артылуы байқалады.

Мұндай жағдайларда Ұлттық Банк инфляцияға қысымды болдырмау үшін артық өтімділікті алуды жүзеге асыруда. Өтімділіктің негізгі көлемі Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары арқылы сіңіріледі.

ЕДБ-нің қысқа мерзімді ноттар бойынша ашық позициясы: 2016 жылдың соңында – 1,96 трлн теңге, 2017 жылдың соңында – 2,10 трлн теңге, 2018 жылдың соңында – 2,27 трлн теңге, 2019 жылғы қараша соңында – 2,68 трлн теңге болды. Қысқа мерзімді ноттарды сатып алу көбіне ЕДБ-нің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

«Қазақстанның ІЖӨ жыл сайынғы өсуінде екінші деңгейдегі банктерге мемлекеттік көмектің ықпалы қалай бағаланады және банк секторының бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастырудағы үлесі қандай?» деген бесінші сұрақ бойынша

2008 – 2018 жылдар аралығы кезеңінде ЕДБ-ге мемлекеттік қолдау нәтижесінде экономиканы кредиттеу 7,5 трлн теңгеден 13,1 трлн теңгеге дейін 75,5%-ға өсті, банк жүйесі бойынша меншікті капитал 1,9 трлн теңгеден 3,8 трлн теңгеге дейін 97,7%-ға өсті.

Секторды қалыпқа келтірумен бірге ЕДБ табыс салығын төлеуді жалғастырды. 2008 – 2018 жылдар аралығындағы кезеңде ЕДБ-нің корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) бойынша шығыстары 595 млрд теңге болды, оның ішінде 2018 жылы ЕДБ-нің КТС бойынша шығыстары 128,5 млрд теңгені құрады.

Төраға

М. Әбілқасымова

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Барлыбаеву Е.Х.
Перуашеву А.Т.
Никитинской Е.С.
Абсатирову К.Г.
Дюсембинову Б.С.
Еспаевой Д.М.
Казбековой М.А.

*На депутатский запрос
от 14.11.2019г. № ДЗ-181*

Уважаемые депутаты!

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 11 ноября 2019 года № 203 «О дальнейшем совершенствовании системы государственного управления Республики Казахстан» с 1 января 2020 года Агентству Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее - Агентство) переданы функции Национального Банка Республики Казахстан (далее - Национальный Банк) по обеспечению надлежащего уровня защиты прав и законных интересов потребителей финансовых услуг, содействию обеспечению стабильности финансовой системы и развитию финансового рынка, осуществлению государственного регулирования, контроля и надзора финансового рынка и финансовых организаций.

Поскольку Агентство определено правопреемником прав и обязательств Национального Банка в соответствии с передаваемыми функциями и полномочиями, Агентство, рассмотрев в рамках своей компетенции Ваш запрос, сообщает следующее.

По первому вопросу «Сколько денег было выделено из разных источников, включая Национальный фонд и ЕНПФ, на поддержку банковского сектора начиная с 2008 года по настоящий момент?»

1. Период с 2008 по 2016 год. В целях смягчения негативных последствий глобального кризиса 2007-2008 годов на социально-экономическую ситуацию в Казахстане был утвержден План совместных действий Правительства Республики Казахстан, Национального Банка и Агентства по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций по стабилизации экономики и финансовой системы на 2009 – 2010 годы (*постановление Правительства Республики Казахстан от 25 ноября*

2008 года №1085), оператором по которому определен АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее – АО «ФНБ «Самрук-Қазына»).

На выкуп государством акций 4 банков второго уровня (далее – БВУ) было выделено **476,1 млрд тенге**, из которых возвращено **415 млрд тенге**. Разница между выделенными средствами и возвращенной суммой возникла по результатам двух реструктуризаций активов и обязательств АО «БТА Банк».

Дополнительно, в период с 2012 - 2015 годы 3 БВУ были выделены заемные средства в размере 613,2 млрд тенге, из которых возвращены 143,2 млрд тенге, 220 млрд тенге будут возвращены в 2024 году. Оставшиеся 250 млрд тенге выделены в рамках оздоровления АО «Казкоммерцбанк» с целью поддержки ликвидности и сохранения средств вкладчиков, включая вклады квазигосударственного сектора, объемом более 4 трлн тенге.

АО «Казкоммерцбанк» оздоровлен и акционерами принято решение о присоединении его к АО «Народный банк Казахстана», ситуация стабилизирована и погашение выделенных средств ожидается в соответствии с графиком в 2037 году.

2. Период с 2017 года.

2.1 Оздоровление АО «Казкоммерцбанк» (системообразующий банк)

В 2017 году Постановлением Правительства Республики Казахстан одобрено Рамочное соглашение между Правительством Республики Казахстан, Национальным Банком, АО «ФНБ «Самрук-Қазына», АО «Фонд проблемных кредитов» Министерства финансов Республики Казахстан, АО «БТА Банк», АО «Народный банк Казахстана», АО «Казкоммерцбанк» и его акционерами о механизме оздоровления АО «Казкоммерцбанк» с последующим его приобретением стратегическим инвестором в лице АО «Народный банк Казахстана».

В рамках соглашения на оздоровление АО «Казкоммерцбанк» было выделено **2 640 млрд тенге**. Средства направлены на выкуп АО «Фонд проблемных кредитов» Министерства финансов Республики Казахстан активов и прав требований АО «БТА Банк», размещенных в АО «Казкоммерцбанк», на сумму **2 640 млрд тенге**.

Возвратность выделенных государственных средств будет зависеть от результатов работы АО «Фонд проблемных кредитов» Министерства финансов Республики Казахстан по взысканию задолженности и реализации имущества, полученного от АО «БТА Банк».

Оздоровление системообразующего АО «Казкоммерцбанк» и последующее присоединение к АО «Народный банк Казахстана» позволило сохранить средства вкладчиков и иных кредиторов на сумму более 4 трлн тенге, исключить возникновение системного кризиса, поддержать кредитование экономики и повысить доверие к банковской системе в целом.

2.2 Программа повышения финансовой устойчивости банковского сектора Республики Казахстан (далее - Программа)

В рамках Программы (утверждена постановлением Правления Национального Банка от 30 июня 2017 года № 129) в 2017 году оказана помощь пяти крупным БВУ страны, на долю которых приходилось более 30% ссудного портфеля всей банковской системы и 25% всех депозитов населения и квазигосударственного сектора. Общий объем поддержки составил **653,7 млрд тенге**. Денежные средства предоставлялись путем приобретения субординированных облигаций БВУ **на условиях платности, срочности и возвратности**.

Акционеры БВУ, со своей стороны, на солидарной основе, должны обеспечить меры по докапитализации БВУ в размере не менее 33% от размера убытков и улучшению качества активов (реабилитация заемщиков, принятие дополнительных залогов, взыскание задолженности) на сумму более 1,2 трлн тенге.

В целом, по состоянию на 01.10.2019г. с момента вхождения в Программу 5-тью БВУ с опережающими темпами сформированы дополнительные резервы (проевизии) по заемщикам, включенным в Планы мероприятий, на общую сумму порядка 752 млрд тенге, что составляет 62% от заявленных убытков.

При этом, **2 БВУ досрочно вышли из Программы** (в 2018 и 2019 году, соответственно), акционеры которых выполнили свои обязательства по докапитализации.

По прогнозам Национального Банка, увеличение собственного капитала БВУ вместе со снижением неработающих активов поддержит кредитование БВУ реального сектора экономики. Ожидался ежегодный рост ссудного портфеля за счет новых займов экономике в размере не менее 300 млрд тенге.

Фактические объемы выдач новых займов экономике указанными 5-тью банками-участниками Программы за 2018 год и 3 квартала 2019 года составили 2 460 млрд тенге (брутто объемы новых займов, без учета погашенных и реструктурированных/рефинансированных займов),

Из указанной суммы юридическим лицам выдано порядка 1 227 млрд тенге, в том числе в торговую отрасль – 298 млрд тенге, промышленность – 209 млрд тенге, строительство – 157 млрд тенге, физическим лицам – 1 233 млрд тенге.

В дальнейшем, БВУ, участвующие в Программе, предусмотрели в своих бизнес стратегиях рост ссудного портфеля в среднем от 8% до 11% в год путем выдачи займов субъектам МСБ и розничного бизнеса, а также клиентам крупного и корпоративного бизнесов, в том числе за счет участия в государственных программах поддержки.

В целом, по банковской системе отмечается значительный рост ссудного портфеля за период с начала 2018 года по сравнению с данными 2016-2017 годов, когда реальный ссудный портфель БВУ снижался. Так, его увеличение за указанный период по системе составило порядка 2 трлн тенге или 14,6% (без

учета выкупленного портфеля сельскохозяйственных кредитов АО «Цеснабанк на сумму 1 054 млрд тенге).

В отношении мероприятий по неработающим активам с момента вхождения БВУ в Программу балансы БВУ очищены на общую сумму порядка 838 млрд тенге (списано проблемных займов) или 18% от ссудного портфеля 5-ти БВУ, менеджментом БВУ осуществлены самостоятельно мероприятия по улучшению качества активов и возврату задолженности проблемных заемщиков на общую сумму порядка 1 292 млрд тенге или 27% от ссудного портфеля 5-ти БВУ (в т.ч. проведены реструктуризация/рефинансирование задолженности заемщиков на 742 млрд тенге, принятие дополнительных твердых залогов - 263 млрд тенге, погашение займов - 148 млрд тенге, продажа займов - 7,7 млрд тенге и т.д.).

2.3 Оздоровление агропромышленного комплекса

В соответствии с Постановлениями Правительства Республики Казахстан и Национального Банка АО «Фонд проблемных кредитов» Министерства финансов Республики Казахстан в целях финансового оздоровления предприятий агропромышленного сектора-заемщиков БВУ, поддержки отечественных сельхозпроизводителей через АО «Национальный управляющий холдинг «КазАгро», а также усиления финансовой устойчивости АО «Цеснабанк» как основного участника программы «Агробизнес-2020», выкупил кредитный портфель агропромышленного комплекса у АО «Цеснабанк» на общую сумму **1 054 млрд тенге**.

Возвратность средств будет обеспечиваться за счет реализации сельскохозяйственных активов через АО «Фонд проблемных кредитов» Министерства финансов Республики Казахстан.

По второму вопросу *«На какую чистую сумму банки второго уровня выдали кредитов юридическим лицам, а также малому и среднему бизнесу за тот же период, без учёта начисленных на них процентов, штрафов и пеня?»*

Кредиты экономике за период с 2008 по 2018 годы выросли на 75,5% с 7,5 до 13,1 трлн тенге. По итогам 2018 года доля кредитов юридическим лицам и МСБ составляет 59,5%, доля кредитов физическим лицам – 40,5%.

По состоянию на 01.12.2019г. кредиты экономике составили 13,7 трлн тенге, увеличившись по сравнению с 01.01.2019г. на 4,4% или 576,1 млрд тенге. При этом, в первом квартале 2019 года был осуществлен выкуп неработающих займов агропромышленного комплекса, что снизило объем кредитного портфеля. В дальнейшем с апреля по ноябрь 2019 года кредитование выросло на 9,6% или 1,2 трлн тенге. В структуре данной динамики кредиты физическим лицам увеличились на 20,6% или 1,1 трлн тенге с 5,4 до 6,5 трлн тенге, кредиты юридическим лицам увеличились на 1,1% или 77,4 млрд тенге с 7,0 до 7,1 млрд тенге.

По третьему *«На какую сумму БВУ закупили ноты Нацбанка РК в эти же годы?»* **и четвертому** *«Какую долю составили эти статьи (кредитование бизнеса*

и приобретение нот Нацбанка) в общей сумме полученной банками господдержки?»
вопросам

С 2016 года в финансовой системе Казахстана наблюдается избыток тенговых средств, обусловленный процессом конвертации вкладов из иностранной валюты в тенге, а также расходами государственного и квазигосударственного секторов.

В этих условиях Национальный Банк осуществляет изъятие избыточной ликвидности для предотвращения давления на инфляцию. Основной объем ликвидности абсорбируется посредством краткосрочных нот Национального Банка.

Открытая позиция БВУ по краткосрочным нотам составляла: на конец 2016 года – 1,96 трлн тенге, на конец 2017 года – 2,10 трлн тенге, на конец 2018 года – 2,27 трлн тенге, на конец ноября 2019 года – 2,68 трлн тенге. Выкуп краткосрочных нот осуществляется преимущественно за счет собственных средств БВУ.

По пятому вопросу *«Как оценивается эффект от государственной помощи банкам второго уровня в ежегодном росте ВВП Казахстана и каков вклад банковского сектора в формирование доходной части бюджета?»*

В результате государственной поддержки БВУ в период с 2008 по 2018 годы кредитование экономики выросло на 75,5% с 7,5 до 13,1 трлн тенге, собственный капитал по банковской системе вырос на 97,7% с 1,9 до 3,8 трлн тенге.

Одновременно с оздоровлением сектора, БВУ продолжали оплачивать подоходный налог. За период с 2008 по 2018 годы расходы БВУ по корпоративному подоходному налогу (далее – КПН) составили 595 млрд тенге, из которых за 2018 год расходы БВУ по КПН составили 128,5 млрд тенге.

Председатель

М. Абылкасымова